



Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ ВЕСТИ Енебекшильдеря

14+

● Бейсенбі, 28 мамыр 2026 жыл ● № 41 (10007)
● Еркін бағамен сатылады

Аудандық газет
1935 жылдың шілде айынан бастап
шығып келеді



Аудандық мәслихаттың 35-кезекті сессиясы: бюджет пен аудан дамуы мәселелері қаралды

Ағымдағы жылдың 20 мамырында аудандық мәслихат төрайымы Нүргүл Қуатованың, аудан әкімі Бауыржан Қасеновтың және Ақмола облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Әсел Әбдірахманованың төрағалығымен аудандық мәслихаттың 35-кезекті сессиясы өтті.

Сессия жұмысына аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес төрайымы Ақмарал Кенжебаева, Степняк қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ ауданның мемлекеттік мекемелері мен бөлімдерінің басшылары қатысты.

Сессия ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын, бюджеттің орындалуын, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру мәселелерін талқылауға және өңірдің одан әрі дамуына бағытталған шешімдер қабылдауға арналған маңызды алаңға айналды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – Біржан сал ауданының 2025 жылға арналған бюджетінің орындалуы туралы жылдық есепті, сондай-ақ Степняк қаласының, ауылдық округтер мен аудан ауылдарының бюджеттерінің орындалуы жөніндегі есептерді қарау және бекіту болды. Бұл мәселе бойынша аудан әкімі Бауыржан Қасенов жан-жақты баяндама жасады.

Аудан басшысы 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасап, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инвестиция тарту, тұрғын үй құрылысы, сауда, халықты жұмыспен қамту, табыс көлемі мен жалақы деңгейі бойынша негізгі көрсеткіштерге тоқталды.

Сонымен қатар, аудандық бюджеттің орындалуына ерекше назар аударылды. Аудан әкімі жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер, қоғамдық қауіпсіздік, әлеуметтік сала, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, мәдениет, спорт, туризм, ауыл шаруашылығы мен инфрақұрылымды дамыту бағыттары бойынша жұмсалған шығыстар туралы кеңінен баяндады.

Талқылау барысында дебиторлық және кредиторлық берешектерге талдау жасалды. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бюджет қаражатын тиімді әрі мақсатты пайдалану бойынша бақылауды күшейту, берешектерді өндіріп алу жұмыстарын уақтылы жүргізу және негізсіз қаржылық міндеттемелердің қалыптасуына жол бермеу қажеттігі атап өтілді.

Баяндамасын қорытындылай келе, Бауыржан Қасенов алдағы кезеңге арналған басым міндеттерді айқындады. Олардың қатарында қаржылық тәртіпті қамтамасыз ету, бюджеттің орындалуы тиімділігін арттыру, кіріс бөлігін ұлғайту, кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, инвестициялық ахуалды жақсарту және аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мәселелері бар.

Келесі кезекте сөз Ақмола облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Әсел Әбдірахмановаға берілді. Ол ауданның даму көрсеткіштеріне баға беріп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жұмыстарды жандандыру, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету және медициналық қызмет сапасын арттыру қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ демографиялық өсімді қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықтың орташа жалақы деңгейін облыстық көрсеткіштерге жеткізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, 2024 жылғы бюджеттің орындалуын талдау барысында есептілік сапасы мен бюджет қаражатының игерілуін талдау бойынша кемшіліктер анықталғаны айтылды.

Дина АҚЫШЕВА.

Осыған байланысты қаржылық есептіліктің дұрыстығына бақылауды күшейту және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыру қажеттігі атап өтілді.

Әсел Әбдірахманова бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне аудит тұрақты негізде жүргізілетінін айтып, мемлекеттік органдарға бюджетті сапалы жоспарлау мен орындауға ерекше көңіл бөлу қажеттігін жеткізді.

Аудандық мәслихаттың бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Бикеш Смайлова бюджеттің орындалуына талдау жасап, кейбір бағыттар бойынша тұрақты оң динамиканың жоқтығына назар аударды. Сонымен қатар, қала мен ауылдық округтер бюджеттерінің өзіндік кіріс базасын ұлғайту қажеттігін атап өтті.

Оның айтуынша, жергілікті бюджеттердің тек салықтық түсімдерге тәуелді болуы аумақтардың тұрақты дамуын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты кәсіпкерлікті дамыту, инвестиция тарту және жергілікті жерлердегі экономикалық белсенділікті арттыру қажет.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе – Біржан сал ауданының учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерін сайлау болды. Бұл мәселе бойынша аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серік Шауенов баяндама жасап, комиссия құрамынан шыққан мүшелер туралы, олардың шығу себептері және жаңа құрамды қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды таныстырды.

Сессия барысында депутаттар Біржан сал аудандық мәслихатының «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» және «Степняк қаласының, ауылдық округтер мен аудан ауылдарының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттері туралы» шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелерін де қарады.

Бұл мәселе бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Зәмзәгул Құсайынова егжей-тегжейлі баяндама жасап, ұсынылып отырған өзгерістерді түсіндірді, шығыстар мен кірістердің түзетілетін баптары бойынша ақпарат беріп, бюджет қаражатын қайта бөлудің негізгі себептерін атады.

Жер қатынастары мәселелері бойынша профилдік бөлімнің басшысы Бектас Мамиков сөз сөйледі. Депутаттардың қарауына Біржан сал аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің қолданысын уақытша тоқтата тұру, аудан елді мекендерінің шекараларын белгілеу және өзгерту, сондай-ақ Ақмола облысы елді мекендерінің шекараларын өзгерту жөніндегі ұсыныстар енгізу туралы шешім жобалары ұсынылды.

Сессия жұмысының қорытындысында депутаттар депутаттық сағат барысында қаралған бірқатар мәселелер бойынша шешімдер қабылдады. Атап айтқанда, Біржан сал ауданы әкімдігі жанындағы қоғамдық тәртіптің бұзылуына істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомстваралық комиссия құрамын бекіту, сондай-ақ ауданның әкімшілік-аумақтық бірлігін басқару схемасын бекіту туралы шешімдер қабылданды.

Жиынды қорытындылай келе, сессияға қатысушылар атқарушы және өкілді билік тармақтарының тиімді өзара іс-қимылы, өзекті мәселелерді ашық талқылау және салмақты шешімдер қабылдау Біржан сал ауданының одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың әлауқатын арттырудың маңызды негізі екенін атап өтті.

Дина АҚЫШЕВА.



1 маусым – балаларды қорғау күні

Бүкіл әлемде 1-ші маусым Балаларды қорғау күні ретінде аталып өтіп, ескі халықаралық мейрамдардың бірінен саналады. Оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды.

Балаларды қорғау күні олардың өмірін соғыстан қорғау, денсаулығын сақтау, болашақ ұрпаққа демократиялық негізде білім мен тәрбие беру жөніндегі барша әлемдегі озық пікірлердің тоғысқан арнасы десек, артық айтқандық емес. Дәл осы күні болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі – балаларға барлық жағдай жасау керектігі тағы да паш етіледі.

БұҰ-ның жүргізген сауалнамасына жүгінсек, бүгінгі таңда әлемде әрбір оныншы бала үлкендер тарапынан жасалатын зорлық пен зомбылыққа ұшырайды екен. Әлемде өмірі қатерге толы балалар да баршылық. Аш-жалаңаштық, соғыс өрті, терактілер балалар ғана емес, үлкендердің де психикасына кері әсерін тигізеді. Бұл – қорғаныссыз балалардың басына түскен үлкен ауыртпалық екендігі шындық. Жасөспірімдер арасында нашақорлар саны өсуде, олардың жартысынан астамы ішімдік ішуден де кетіп өледі.

Осылайша, Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру.

Жаңа тағайындау

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 1-тармағына және 30-бабының 1-тармағына сәйкес Нұржан Хасанұлы Юмашев 2026 жылдың 25 мамырдан бастап Біржан сал ауданы әкімі аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды.

Қадірлі Біржан сал ауданының тұрғындары!

Біржан сал ауданы – тарихи терең, тағылымы мол өңір. Осы қасиетті топырақта талай елге танымал тұлғалар дүниеге келіп, туған өлкесінің руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Солардың бірі – 90 жылдық тарихы бар, талай буынның шежіресін сақтап, өңір тынысын жеткізген «Еңбекшілер жаршысы–Вести Енебекшильдеря» газеті. Бүгінде аталған басылым аудан тұрғындарына ауыл жаңалықтарын, ел ішіндегі елеулі оқиғаларды, еңбек адамдарының жетістіктерін, жастардың жарқын істерін насихаттап келе жатқан бірегей рухани құрал болып отыр. Алайда қазіргі таңда газетке жазылушылардың азаюына байланысты редакция ұжымы күрделі жағдайда тұр. Бұл – тек бір ұжымның емес, тұтас ауданның ақпараттық кеңістігіне төнген қауіп.

Сіздердің әрбір жазылымдарыңыз – басылымның болашағына қосқан үлес, елдің рухани өміріне жасаған шынайы қамқорлық. Газетке жазылу арқылы туған өлкенің тыныс-тіршілігіне бейжай қарамайтын нағыз жанашыр екеніңізді көрсетесіз.

Редакция ұжымы Сіздер үшін күн сайын еңбек етіп, әр нәмірге шынайы жаңалық, тәрбиелік мәні бар мақалалар дайындауда. Сол еңбектің ескерусіз қалмауы – Сіз бен бізге ортақ жауапкершілік. Алдағы уақытта да газет ұжымы халық үдесінен шығып, төл газетіміздің шежірелі тағдырын үзбейді деген сенімдемін.

Олай болса, құрметті газет жанашырлары, рухани азығыңыз, айналас серігіңіз – «Еңбекшілер жаршысы–Вести Енебекшильдеря» газетіне 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылуы ертеңге қалдыра бермей, бүгіннен асығыңыз, ағайын! Бағасы (6 айға) – 3 500 теңге.

Баспасөзге жазылу барысында қолдау көрсетуші барлық азаматқа алғыс айтамыз. Біздің қызметіміз – оқырман үшін. Келіңіздер, «Еңбекшілер жаршысы–Вести Енебекшильдеря» газетіне бірге қолдау көрсетейік!
Қуаныш НҮРКУШЕВА.

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

31 мамыр – бүкіл қазақ баласы көкірегін қарс айырып, бір сәт күрсінетін күн. Өлгенге иман, өткенге салауат тілейтін күн. Қаскөй саясаттың қанқұйлы қасап-қыспағынан қапыда мерт болған қаншама қазақ баласын жоқтайтын күн. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі болып саналады. Әкімшілік-жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген көріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Біздің енді жердегі борышымыз – осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі есте сақтау.

XX ғасырда қазақ ұлты тартқан ең ауыр зардап осы зұлматты жылдармен байланысты. 1931-1933 жылдың ашаршылығы миллиондаған қазақтың басын жұтты, 1937-1938-дің репрессиясы қазақтың бетке ұстар қаймағын қынадай қырып салды. Қызыл империяның қаны тамған заманда елімізде 20-дан астам лагер жұмыс істеп, оларда 800 мыңнан астам асыл азаматтарымыз азап шекті. 1937-1938 жылдар аралығында 103 мың адам қуғындалып, 27 мыңнан астам адам атылды. Бұл күні тек қуғын-сүргін құрбандарының туған-туыстары ғана емес, бүкіл ел бабалар рухына тағым етеді. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздік тұғырын қалаған боздақтарын ұмытпау тиіс. Бүгін мыңдаған қуғын-сүргін құрбандарын – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхановты,

Сәкен Сейфуллинді, Бейімбет Майлинді, Ілияс Жансүгіровті, Мағжан Жұмабаевты, Міржақып Дулатовты, Тұрар Рысқұловты, Санжар Асфендияровты, Темірбек Жүргеновті, Жағанша және Халел Досмұхамедовтарды еске алмауға болмайды.

Жаппай қуғын-сүргін бұрынғы Кеңес Одағының бірде-бір халқын айналып өткен жоқ. Қазақстанға әр жылдары 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың корей отбасылары, 507 мың Солтүстік Кавказ халқы жер аударылды. Бұл жылдары барлығы 1 млн. 500 мың ұлт өкілдері жер аударылған. НКВД-ның ерекше бұйрығымен сол бір зұлмат жылдары қазақтың қамын ойлаған ұлт серкелеріне жөнсіз жала жабылып, аяусыз атылып, иткенекке айдалса, отбасылары да қуғынға ұшырап, лагерлерге қамалды. Ардақты арыстарымыздың әйелдері мен балалары «АЛЖИР» – «Ақмоладағы «Отанын сақандар» әйелдерінің лагерінде де азап шекті. АЛЖИР лагері 1938-1953 жылдар аралығында жұмыс істеді, 20 мыңға жуық әйел қамалып, олардың 7 мыңнан астамы азап түрмесінде көз жұмды. Солардың ішінде Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Жұмат Шаниннің, Санжар Асфендияровтың, Темірбек Жүргеновтің, Тұрар Рысқұловтың т.б. әйелдері де бар еді.

Біздің жүрегімізде жазықсыз жапа шеккен репрессияға ұшырағандардың әйелдері, отбасылары мен туған-туыстарының есімдері мәңгілікке қалады.

Біржан сал ауданының Донской ауылдық округі әкіміне кандидаттар



**ӘЛЖАНОВ
АЯН
ҚАБЫЛКЕШҰЛЫ**

Өмірбаян:
Мен, Әлжанов Аян Қабылқешұлы, 1983 жылғы 16 қарашада Көкшетау облысы Уәлиханов ауданының Комсомол ауылында дүниеге келдім. Білімім – жоғары. 2006 жылы Көкшетау университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдадым. 2014 жылы Қатаркөл ауылындағы ауыл шаруашылығы колледжін «Ветеринария» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолым ветеринария саласында бастадым. 2013 жылғы 4 наурыз бен 2 қыркүйек аралығында Степняк қаласындағы «Еңбек Ветсервис» ШЖҚ МКК-де ветеринар болып жұмыс істедім. 2014 жылғы 10 шілде мен 1 қазан аралығында Макинқа ауылдық округінде ветеринариялық санитар, кейін ветеринариялық фельдшер қызметтерін атқардым. 2014 жылғы 1 қазаннан 2017 жылғы 17 шілдеге дейін Степняк қаласындағы «Еңбек Ветсервис» ШЖҚ МКК-де ветеринар дәрігер болып еңбек еттім.

2021 жылғы 1 қыркүйек пен 12 қараша аралығында «Баймырза ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де статист болып істедім. 2021 жылғы 12 қараша мен 30 желтоқсан аралығында аталған мекемеде бас маманның міндетін атқарушы болдым. 2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Баймырза ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы болып жұмыс істеймін.

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Құрметті Донской ауылдық округінің тұрғындары! Мен үшін округтің әрбір тұрғынының пікірі маңызды. Ауылдық округтің өзекті мәселелерін шешу, инфрақұрылымды жақсарту, жастар мен қарттарға қолдау көрсету, ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік саланы дамыту – менің басты міндеттерімнің бірі.

Зейнеткерлерге, мүгедектерге, көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға аса көңіл бөлемін. Ауылдық жерлерде дәрігерлік қызметтің сапалы көрсетуіне және оның игілігін жұртшылықтың бәрінің көруіне, жергілікті мектептің материалдық-техникалық нығайтылуына табандылықпен қол жеткізуге уәде етемін. Мәдениетті өмірімізге батылырақ енгізу, ұлттық салт-дәстүрлерді нығайтып, арттыру тусу қажет. Бюджеттің біршама бөлігі халықтың әлеуметтік мұқтаждарына, жолдарды жөндеуге, сумен қамтамасыз етуге, ауылдарды көркейтуге жұмсалып жүретіндігін ескеру қажет.

Мен өз үлесімді қосамын:

- Әлеуметтік сала мекемелерін дамыту және қолдау;
- Инвесторларды тарту және жаңа жұмыс орындарын құру;
- Округтің танымал тұрғындарының мәдени және рухани мұраларын сақтау;
- Донской ауылдық округі экономикасының тұрақтылығын, тұрғындардың мүдделерін қорғау;
- Халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру.

Мен үшін әрбір округ тұрғынын пікірі маңызды. Сіздерден сайлауға келіп, менің кандидатурам үшін дауыс берулеріңізді сұраймын! Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС

Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Әлжанов А.Қ.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.



**ӘУБӘКІРОВ
ЖҰМАБЕК
РАХИМҒАЛИҰЛЫ**

**«AMANAT»
партиясымен
ұсынылған**

Өмірбаян:
Мен, Әубәкіров Жұмабек Рахимғалиұлы, халық мүддесіне қызмет ететін адамның жауапкершілігін толық сезіне отырып, Донской ауылдық округі әкімі лауазымына өз кандидатурама ұсынамын. Мен осы округта туып-өстім, тұрғындардың өзекті мәселелері мен қажеттіліктерін жақсы білемін. Бұрын ауылдық округ әкімі қызметінде тәжірибем болды, бұл маған сумен қамтамасыз ету, жылумен жабдықтау, жолдар, абаттандыру және құрылыс мәселелерін тәжірибе жүзінде зерделеуге мүмкіндік берді.

Мен құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында мол тәжірибеге иемін, жобалардың қалай әзірленетінін, қаржыландырудың қалай тартылатынын және атқарылатын жұмыстардың сапасы қалай бақыланатынын жақсы түсінемін. Осы тәжірибемді округіміздің дамуына бағыттауға дайынмын. Бүгінде округіміздегі мәселелерді қалай шешуге және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға болатынын нақты білемін! Мұны Сіздердің қолдауларыңызбен ғана жүзеге асыра аламын!

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Менің өмірім етіп таңдасаңыздар, алдағы 4 жыл ішінде келесі жобаларды жүзеге асыруға ықпал етемін:

- иесіз және апатты нысандарды бұзу жұмыстары жалғасатын болады;
- Андықожа батыр ауылындағы қосалқы станцияға күрделі жөндеу жүргізу;
- апаттық жағдайдағы электр бағаналарын ауыстыру және электр желілерін қайта тарту;
- Тасшалқар ауылындағы қосалқы станцияны қайта жаңғырту, электр энергиясын сапалы тұтынуды қамтамасыз ету үшін күшейтілген КТП орнату, сондай-ақ апаттық бағаналарды ауыстыру және желілерді қайта тарту;
- Тасшалқар ауылының ішкі жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- Тасшалқар ауылында спорттық ойын алаңын салу жобасын жүзеге асыру жұмыстары жалғасатын болады;
- шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарды дамытуға жағдай жасау.

Сонымен қатар, мен әлеуметтік осал топтарға және аға буын өкілдеріне қолдау көрсетуге; отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға үлес қосамын. Құрметті Донской ауылдық округінің тұрғындары! Мен ауыл тұрғындарының әлауақатын арттыруға бағытталған міндеттерді жүзеге асыру үшін сайлауға түсіп отырмын! Біздің болашағымыз – өз қолымызда және әрқайсымызға байланысты. Сондықтан сіздерді сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс беруге шақырамын! Сіздің дауысыңыз – жайлы өмір сүруге, еңбек етуге және балаларымызды тәрбиелеуге қолайлы округіміздің жарқын болашағына қосқан үлес!

Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Әубәкіров Ж.Р.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.



**НҰРМАҒАМБЕТОВА
МӘРИЯМ
МУХАМБЕДИЯҒЫЗЫ**

Өмірбаян:
Мен, Нұрмағамбетова Мәриям Мұхамбедияқызы, 1966 жылғы 13 қазанда Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданының Степняк қаласында дүниеге келдім. Білімім – жоғары. 1987 жылы Қатыркөл совхоз-техникумын «Есепші» мамандығы бойынша бітірдім. 2007 жылы Алматы экономика және статистика академиясын «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірдім.

18.05.1989–17.11.1989 жж. – Кеңесші байланыс бөлімшесінің бастығымын.

11.02.2004–07.10.2004 жж. – Кеңесші ауылдық округі бойынша атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі штаттан тыс маманымын.

23.12.2004 –19.02.2007 жж. – «Кеңесші ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ халыққа қызмет көрсету жөніндегі маманы болдым.

19.02.2007–15.01.2018 жж. – «Кеңесші ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ халықпен жұмыс жөніндегі бас маманымын.

15.01.2018 жылдан бастап – «Кеңесші ауылы әкімінің аппараты» ММ бас маманымын.

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Мен Донской ауылдық округі әкімі лауазымына өз кандидатурама ұсынамын. Сіздерді сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, менің кандидатурама дауыс беруге шақырамын.

Халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, нақты нәтижеге қол жеткізуге, әрбір ұсыныс пен өтінішке мұқият қарауға дайынмын.

Сіздердің дауыстарыңыз – округтің әрбір тұрғынының сапалы өмір сүруінің, балаларыңыздың жарқын болашағының және ауыл халқы үшін қолайлы тұрмыс жағдайларын жасаудың кепілі.

Мені округ әкімі етіп сайлаған жағдайда арналған міндеттер қоямын:

- көшелер мен аулаларды көркейту, көгалдандыру жұмыстарына, қоршау жүргізуге, көшелерді жарықтандыру, жолдарды жөндеуге бөлінетін қаржыны арттыру;
- жастардың спортпен, туризммен айналысып, салауатты өмір салтын ұстануларына жағдай жасау;
- округта саяси және тұрақтылықты, қоғамдық және ұлтаралық келісімді сақтап, нығайту;
- ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу бизнесін өркендету;
- мектепте оқу жұмыстарына жағдай жасау.

Менің өмірлік тәжірибем және жинақталған еңбек өтілім маған Донской ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде қатысуға мүмкіндік береді. Мен өз тарапымнан округтің бар мәселелерін шешуге бар күш-жігерімді саламын, бұл үшін менде барлық қажетті дағдылар, білім және қоғамға пайдалы болуға деген ықылас бар. Елді-мекендерді көркейту, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қызметіміздің басты бағыттарының бірі болмақ. Мен саналы түрде тікелей сайлауға барамын, округ тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту жоспарларын жүзеге асыруды жалғастыруды мақсат етемін.

Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Нұрмағамбетова М.М.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.

Біржан сал ауданының Заурал ауылдық округі әкіміне кандидаттар



**БУЖБАНОВ
ТОЛҚЫН
ТӨЛЕПҰЛЫ**

**«AMANAT»
партиясымен
ұсынылған**

Өмірбаян:
Мен, Бужбанов Толқын Төлепұлы, халық мүддесіне қызмет ететін адамның жауапкершілігін толық сезіне отырып, Заурал ауылдық округі әкімі лауазымына өз кандидатурама ұсынамын.

Мен осы ауылда туып-өстім, тұрғындардың өзекті мәселелері мен қажеттіліктерін жақсы білемін. Ауылдық округ әкімі ретінде тәжірибем бар, бұл маған сумен қамтамасыз ету, жылумен жабдықтау, жолдар, абаттандыру және құрылыс мәселелерін тәжірибе жүзінде зерделеуге мүмкіндік берді.

Мен құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында мол тәжірибеге иемін, жобалардың қалай әзірленетінін, қаржыландырудың қалай тартылатынын және атқарылатын жұмыстардың сапасы қалай бақыланатынын жақсы түсінемін. Осы тәжірибемді округіміздің дамуына бағыттауға дайынмын. Бүгінде округ мәселелерді қалай шешуге және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға болатынын нақты білемін! Мұны Сіздердің қолдауларыңызбен ғана жүзеге асыра аламын!

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, аулалар мен көшелерді абаттандыру, қоршаулар орнату, жарықтандыру жүйесін дамыту, жолдар мен тротуарларды жөндеу бағыттарына бөлінетін қаражат көлемін арттыру – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі деп санаймын.

Округта медициналық көмек көрсетудің қолжетімді әрі сапалы болуын, білім ошақтарындағы материалдық-техникалық базаны нығайту қажет деп ойлаймын. Жастардың бос уақыттарын тиімді пайдаланулары үшін ауылдық клубтардың жұмысын арттыру керек. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің мүдделерін қорғауға тырысамын. Зейнеткерлерге, мүгедектерге, көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға аса көңіл бөлемін.

Ауылдың жерлерде дәрігерлік қызметтің сапалы көрсетуіне және оның игілігін жұртшылықтың бәрінің көруіне, жергілікті мектептердің материалдық-техникалық нығайтылуына табандылықпен қол жеткізуге уәде етемін. Мәдениетті өмірімізге батылырақ енгізу, ұлттық салт-дәстүрлерді нығайтып, арттыру тусу қажет. Бюджеттің біршама бөлігі халықтың әлеуметтік мұқтаждарына, жолдарды жөндеуге, сумен қамтамасыз етуге, ауылдарды көркейтуге жұмсалып жүретіндігін ескеру қажет.

Мен өз үлесімді қосамын:

- елді мекендердің санитарлық жағдайын қамтамасыз етуге (құрылыс қалдықтарын шығару, рұқсатсыз қоқыс үйінділерін жою, иесіз қалған жеке тұрғын үйлерді бұзу);
- ауыл ішіндегі абаттандыру жұмыстарына (қоршауларды ағымдағы жөндеу);
- автомобиль жолдарын күтіп ұстауға (жолдарды тегістеу, шөп шабу, қыс мезгілінде жолдарды күтіп ұстау).

Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Бужбанов Т.Т.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.



**ЖУКОВА
ОЛЬГА
ВЛАДИМИРОВНА**

Өмірбаян:
Мен, Жукова Ольга Владимировна, 1985 жылы 6 қарашада Целиноград облысы Заозерное ауылында дүниеге келдім.

2006 жылы Щучье қаласында техникалық колледжін «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірдім. Экономист-бухгалтер мамандығы берілді.

2025 жылы Көкшетау қаласында А.Мырзахметов атындағы университетін «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бітірдім.

2013-2019 жылдары «Заозерный ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де статист болып жұмыс істедім.

2019 жылдан бастап «Заозерное ауылы әкімінің аппараты» ММ бас маманы болып істеймін.

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, аулалар мен көшелерді абаттандыру, қоршаулар орнату, жарықтандыру жүйесін дамыту, жолдар мен тротуарларды жөндеу бағыттарына бөлінетін қаражат көлемін арттыру – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі деп санаймын.

Округта медициналық көмек көрсетудің қолжетімді әрі сапалы болуын, білім ошақтарындағы материалдық-техникалық базаны нығайту қажет деп ойлаймын. Жастардың бос уақыттарын тиімді пайдаланулары үшін ауылдық клубтардың жұмысын арттыру керек. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің мүдделерін қорғауға тырысамын. Зейнеткерлерге, мүгедектерге, көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға аса көңіл бөлемін.

Ауылдың жерлерде дәрігерлік қызметтің сапалы көрсетуіне және оның игілігін жұртшылықтың бәрінің көруіне, жергілікті мектептердің материалдық-техникалық нығайтылуына табандылықпен қол жеткізуге уәде етемін. Мәдениетті өмірімізге батылырақ енгізу, ұлттық салт-дәстүрлерді нығайтып, арттыру тусу қажет. Бюджеттің біршама бөлігі халықтың әлеуметтік мұқтаждарына, жолдарды жөндеуге, сумен қамтамасыз етуге, ауылдарды көркейтуге жұмсалып жүретіндігін ескеру қажет.

Мен өз үлесімді қосамын:

- елді мекендердің санитарлық жағдайын қамтамасыз етуге (құрылыс қалдықтарын шығару, рұқсатсыз қоқыс үйінділерін жою, иесіз қалған жеке тұрғын үйлерді бұзу);
- ауыл ішіндегі абаттандыру жұмыстарына (қоршауларды ағымдағы жөндеу);
- автомобиль жолдарын күтіп ұстауға (жолдарды тегістеу, шөп шабу, қыс мезгілінде жолдарды күтіп ұстау).

Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Жукова О.В.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.



**ҚАМАТАЕВА
АЙМЕРЕЙ
ЖАНАТҚЫЗЫ**

Өмірбаян:
Мен, Қаматаева Аймерей Жанатқызы, 1994 жылы қыркүйекте Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Казгородок ауылында дүниеге келдім. 9-сыныпты аяқтағаннан кейін Көкшетау «Арна» колледжіне «Құқықтану» мамандығы бойынша оқуға түстім. Әрі қарай, мен Ресей Федерациясының «Ұлттық бизнес институтына» түсемін, оны 2017 жылы бітіріп, «Құқықтану» мамандығын алдым. Еңбек жолым 2012 жылы Степняк қаласы, Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша бастадым, бұдан әрі «Еңбекшілдер орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да заңгердің 0,5 ставкасына, кадрлар бөлімі инспекторының 0,5 ставкасына жұмысқа орналастым, осы лауазымды 2013 жылға дейін атқардым. 2013 жылдың қыркүйегінде «Еңбекшілдер ауданы әкімінің аппараты» ММ қабылдау бөлмесінің маманы лауазымына қабылдандым, бұл лауазымды 2014 жылдың мамырына дейін атқардым. 2017 жылдың наурыз айынан бастап «Еңбекшілдер ауданы әкімінің аппараты» ММ қабылдау бөлмесінің маманы лауазымына қабылдандым, 2019 жылдың қаңтар айында өз еркімен жұмыстан шығарылдым. Мемлекеттік қызметке тест тапсырғаннан кейін Біржан сал ауданы «Ұлт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы лауазымына орналастым.

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Құрметті Заурал ауылдық округінің тұрғындары! Мен ауылдық округ әкімі лауазымына өз кандидатурама ұсынып отырмын. Округтің дамуы мен көркеюі әрқайсымызға байланысты. Сондықтан мен сіздерді сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын. Халықпен тығыз байланыста болып, әрбір ұсыныс пен өтінішке құлақ асып, нақты нәтижеге жұмыс істеуге дайынмын. Сіздің дауысыңыз округтің әр тұрғынының сапалы өмір сүруінің кепілі, біздің балаларымыздың болашағы, ауыл халқының жақсы тұрмыс құруына жағдай жасау!

Мені округ әкімі етіп сайлаған жағдайда арналған міндеттер қоямын:

- көшелер мен аулаларды көркейту, көгалдандыру жұмыстарына, қоршау жүргізуге, көшелерді жарықтандыру, жолдарды жөндеуге бөлінетін қаржыны арттыру;
- жастардың спортпен, туризммен айналысып, салауатты өмір салтын ұстануларына жағдай жасау;
- округта саяси және тұрақтылықты, қоғамдық және ұлтаралық келісімді сақтап, нығайту;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу бизнесін өркендету;
- мектепте оқу жұмыстарына жағдай жасау.

Мен өз тарапымнан округтің бар мәселелерін шешуге бар күш-жігерімді саламын, бұл үшін менде барлық қажетті дағдылар, білім және қоғамға пайдалы болуға деген ықылас бар. Елді-мекендерді көркейту, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қызметіміздің басты бағыттарының бірі болмақ. Мен саналы түрде тікелей сайлауға барамын, округ тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту жоспарларын жүзеге асыруды жалғастыруды мақсат етемін.

Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Қаматаева А.Ж.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.

Біржан сал ауданының Заозерное ауылы әкіміне кандидаттар



**ЖАХИН
РҮСТЕМ
БОЛАТУЛЫ**

Өмірбаян:

Мен, Жахин Рүстем Болатұлы, 1997 жылы Қарағанды облысының Сәтбаев қаласында дүниеге келдім. 9-сыныптан кейін Степногорск қаласының Әлеуметтік-гуманитарлық колледжіне «Заңгер кеңесші» мамандығы бойынша оқуға түстім. 2014 жылы колледж бабылғаннан кейін Астана қаласының «Туран» колледжіне ауысып, 2016 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім. 2017-2018 жылдары ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарында әскери қызмет атқардым.

Еңбек жолым 2019 жылы «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша Біржан сал ауданы «Степняк қаласы әкімінің аппараты» ММ-де өтті. Кейін Мемлекеттік қызметке тест тапсырғаннан кейін Степняк қаласының әкімдігіне бас маман лауазымына қабылдандым. Осы лауазымды 2023 жылға дейін атқардым. Кейін Ақмола облысы «Біржан сал ауданы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы лауазымына орналастым.

28.02.2025 ж.-06.10.2025 ж. – Біржан сал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы болдым.

13.10.2025 ж.-26.01.2026 ж. – «Біржан сал ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің заңгер-кеңесшімін. 01.04.2026 жылдан бастап Біржан сал ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі бас маманының міндетін атқарушымын.

Әкімге кандидат ретінде әрекет ету туралы шешім қабылдай отырып, Заозерное ауылының проблемаларын шешуге бар күшімді саламын.

Сайлау алдындағы бағдарламам:

- Ауылды дамыту үшін жағдай жасауға, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне кредиттер алуға көмек көрсетуге; халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға, мүгедектігі бар адамдарға, көп балалы отбасыларға, жұмыссыздарға мемлекеттік атаулы қолдау көрсетуге жәрдемдесу;
- Жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- Жастарды спортқа баулу;
- Ішкі жолдарға орташа жөндеу жүргізу;
- Мал жаюға арналған жайлымырлар мәселесін шешу.

Мен өз үлесімді қосамын:

- әлеуметтік сала мекемелерін дамыту мен қолдауға, заманауи, қызықты әрі пайдалы бос уақыт түрлерін насихаттауға;
- инвестициялар тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға;
- ауылдың танымал тұлғаларының мәдени-рухани мұрасын сақтауға және насихаттауға;
- ауыл экономикасының тұрақтылығын нығайтуға, тұрғындардың мүдделерін қорғауға және өмір сапасын арттыруға;
- халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға, азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділікті дамытуға қосамын.

Сіздерден сайлауға келіп, менің кандидатурам үшін дауыс берулеріңізді сұраймын! Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Жахин Р.Б.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.



**ИМАНҚҰЛОВ
ҚАНАТ
РАМАЗАНҰЛЫ**

**«AMANAT»
партиясымен
ұсынылған**

Өмірбаян:

Мен, Иманқұлов Қанат Рамазанұлы, халық мүддесіне қызмет ететін адамның жауапкершілігін толық сезіне отырып, Заозерное ауылының әкімі лауазымына өз кандидатурама ұсынамын. Қазіргі таңда жер қатынастары бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарамын. Бұған дейін Біржан сал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы қызметін атқардым. Бұл маған сумен қамтамасыз ету, жылумен жабдықтау, жолдар, абаттандыру және құрылыс мәселелерін тәжірибе жүзінде зерделеуге мүмкіндік берді. Мен құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында мол тәжірибеге иемін, жобалардың қалай әзірленетінін, қаржыландырудың қалай тартылатынын және атқарылатын жұмыстардың сапасы қалай бақыланатынын жақсы түсінемін. Осы тәжірибемді ауылдың дамуына бағыттауға дайынмын. Бүгінде ауылмыздағы мәселелерді қалай шешуге және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға болатынын нақты білемін! Мұны Сіздердің қолдауларыңызбен ғана жүзеге асыра аламын!

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Мені ауыл әкімі етіп таңдасаңыздар, алдағы 4 жыл ішінде келесі жобаларды жүзеге асыруға ықпал ететін:

- Кеңашы – Заозерное автожолын жөндеу – тұрғындар мен көлік үшін жайлы әрі қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету;
- көшелерді жарықтандыру жүйесін жаңғырту – қолданыстағы желілерді жөндеу, қосымша бағаналар орнату және заманауи энергия үнемдейтін шамдарды енгізу;
- Заозерное ауылын кешенді абаттандыру – көгалдандыру, қоғамдық орындарды жақсарту, тазалық пен тәртіпті сақтау;
- балалар алаңдарын жөндеу және жаңарту – балалардың демалысы мен дамуына қауіпсіз әрі заманауи жағдай жасау.

Мен ауыл бюджетінің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан төмендегі бағыттар бойынша қосымша қаржыландыру көздерін іздейтін боламын:

- ауылды абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу;
- жас мамандарды тарту;
- ауыл кәсіпкерлігін дамыту.

Сонымен қатар, мен әлеуметтік осал топтарға және аға буын өкілдеріне қолдау көрсетуге;

отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға үлес қосамын.

Құрметті Заозерное ауылының тұрғындары! Мен ауыл тұрғындарының әлауқатын арттыруға бағытталған міндеттерді жүзеге асыру үшін сайлауға түсіп отырмын! Біздің болашағымыз – өз қолымызда және бір-бірімізге байланысты. Сондықтан сіздерді сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс беруге шақырамын!
Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Иманқұлов Қ.Р.
Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.



**НІСМЕЛДИНОВА
АҚБАЯН
БҰХАРБАЙҚЫЗЫ**

Өмірбаян:

Мен, Нисмелдінова Ақбаян Бұхарбайқызы, 1991 жылғы 26 тамызда Өзбекстан Республикасының Бұхара облысы Ғиждуван ауданына қарасты Кокча ауылында дүниеге келдім. Білімім – жоғары. 2013 жылы Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті жанындағы Гуманитарлық-техникалық колледжін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірдім. 2016 жылы Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірдім.

2013 жылғы 20 маусым мен 2015 жылғы 9 қазан аралығында Астана қаласындағы «Europharma» ЖШС филиалында сатушы-кеңесші болып жұмыс істедім. 2015 жылғы 4 қараша мен 2016 жылғы 15 қаңтар аралығында Астана қаласындағы «Kaspi Bank» АҚ филиалында сыртқы арналар бойынша сату менеджері қызметін атқардым. 2016 жылғы 25 қаңтар мен 9 тамыз аралығында Астана қаласындағы «Europharma» ЖШС филиалында сатушы-кеңесші болып еңбек еттім. 2016 жылғы 22 тамыз бен 2017 жылғы 5 мамыр аралығында «МК-Ломбард» ЖШС-де клиенттермен жұмыс жөніндегі маман, кейін бағалаушы-маман қызметтерін атқардым.

2018 жылғы 3 қыркүйек пен 15 қазан аралығында «Мамай ауылы әкімінің аппараты» ММ-де кассалық жұмыс жөніндегі инспектор болдым. 2018 жылғы 15 қазан мен 14 желтоқсан аралығында аталған мекемеде бас маман міндетін уақытша атқарушы қызметін атқардым. 2018 жылғы 14 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Мамай ауылы әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы болып жұмыс істеймін.

Сайлау алдындағы бағдарламам:

Заозерное ауылының әкімі лауазымына кандидат ретінде сайлауға қатысу туралы шешім қабылдай отырып, округ тұрғындарын алаңдататын әлеуметтік және қоғамдық маңызды мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға ниеттімін. Өз жұмысымда жинақтаған тәжірибемді, білімім мен дағдыларымды пайдаланып, ауылдың одан әрі дамуына, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және қолайлы тұрмыс жағдайларын жасауға үлес қосуды жоспарлап отырмын. Менің сайлауалды бағдарламам ең өзекті міндеттерді кезең-кезеңімен шешуге бағытталған. Басым бағыттардың қатарында халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік саланы қолдау, ауыл инфрақұрылымын дамыту, елді мекенді абаттандыру мәселелері бар. Сонымен қатар жастар үшін қолайлы орта қалыптастыруға, аға буынды қолдауға және қоғамдық тәртіпті нығайтуға ерекше назар аударылатын болады.

Мен өз үлесімді қосамын:

- Тұрғындардың әл-ауқатын және ауылдағы әлеуметтік өмірді жақсарту үшін;
- Көмекке мұқтаж қарт адамдарды, мүгедектерді, көп балалы және қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды қолдау бойынша жұмысты жалғастыру;
- Ауыл жастарының мәселелерімен айналысу, сондай-ақ оларды спортқа тарту жұмыстарын жандандыру.

Өндіруші: «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС
Ақмола облысы, Астана қ., Жұбанов к-сі, 24/1
Таралымы: 280 дана
Тапсырыс беруші: Нисмелдінова А.Б.

Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен.

2026 жылғы 14 маусымда Біржан сал ауданы Заозерное ауылының, Донской және Заурал ауылдық округтерінің әкімдерін сайлауы өтеді

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Біржан сал ауданы аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 6 мамырдағы «Біржан сал ауданының Заозерное ауылының, Донской және Заурал ауылдық округтерінің әкімдерін сайлауды тағайындау туралы» №71 қаулысына сәйкес 2026 жылдың 14 маусымда Заозерное ауылының, Донской және Заурал ауылдық округтерінің әкімдерін сайлауы тағайындалды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңнамасының негізінде әкім сайлауын ұйымдастыру мен өткізуді аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары қамтамасыз етеді.

Донской ауылдық округінің аумағында №№ 256, 257 2 сайлау учаскелері жұмыс істейді. Сайлаушылардың жалпы саны 622 адамды құрайды, оның ішінде Тасшалқар ауылында – 286, Андықожа батыр ауылында – 336.

Заурал ауылдық округінің аумағында №№ 246, 247, 248 3 сайлау учаскелері жұмыс істейді. Сайлаушылардың жалпы саны 363 адамды құрайды, оның ішінде Құдықағаш ауылында – 153, Заурал ауылында – 161, Яблоновка ауылында – 49.

Заозерное ауылының аумағында № 272 1 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Сайлаушылардың жалпы саны 141 адамды құрайды.

Сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі бекітілген күнтізбелік іс-шаралар жоспарына сәйкес аудандық сайлау комиссиясы уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп әкімге кандидаттардың сәйкестігі мен тіркелуін белгілеу бойынша жұмыстар жүргізді.

Донской ауылдық округі әкіміне кандидаттар болып тіркелді:

1. Әубәкіров Жұмабек Рахымғалиұлы – Андықожа батыр ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясымен ұсынылған;
2. Әлжанов Аян Қабылқешулы – Баймырза ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған;
3. Нұрмағамбетова Мәриям

Мұхамбетдияқызы – Кеңашы ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған. Заурал ауылдық округі әкіміне кандидаттар болып тіркелді:

1. Бужбанов Толқын Төлепұлы – Заураловка ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясымен ұсынылған;
2. Жукова Ольга Владимировна – Заозерное ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған;
3. Қаматаева Аймерей Жанатқызы – Үлгі ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Заозерное ауылы әкіміне кандидаттар болып тіркелді:

1. Иманқұлов Қанат Рамазанұлы – Степняк қаласының тұрғыны, «AMANAT» партиясымен ұсынылған;
2. Нисмелдінова Ақбаян Бұхарбайқызы – Мамай ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған;
3. Жахин Рүстем Болатұлы – Степняк қаласының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Ағымдағы жылдың 24 мамырда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ден бастау кандидаттар сайлау алдындағы үгіт-насихатқа кірісті, ол 2026 жылғы 13 маусымда жергілікті уақыт бойынша сағат 00.00-де аяқталады.

Жергілікті атқарушы органдар әкімге кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру және кандидаттар мен олардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жай ұсыну үшін орындар белгіледі.

Барлық кандидаттарға жаңнамамен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін тең жағдайларға кепілдік беріледі.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Заозерное ауылының, Донской және Заурал ауылдық округтерінің әкімдерін тағайындаған сайлауын дайындау және табысты өткізу бойынша өз жұмысын жалғастыруда.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

• Абаттандыру

Тазалық пен абаттандыру – ортақ іс

Ағымдағы жылдың 15 сәуірі мен 15 мамыры аралығында аудан аумағында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында дәстүрлі түрде елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту айлығы өтті. Аукымды экологиялық науқан мемлекеттік мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың өкілдерін, еңбек ұжымдарын, еріктілерді және ауданның белсенді тұрғындарын ортақ мақсатқа – елді мекендерді таза, көрікті әрі өмір сүруге қолайлы ету ісіне жұмылдырды.

Мұндай шараларды өткізу бүгінде жақсы дәстүрге айналып, елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту бағытындағы жүйелі жұмыстың маңызды бөлігіне айналды. Айлықтың негізгі мақсаты көшелерді, аулаларды және қоғамдық орындарды тазалап қана қою емес, сонымен қатар тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауды насихаттау және туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне әр азаматтың жауапкершілігін арттыру болды.

Бір ай бойы ауданның барлық елді мекендерінде апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылды. Экологиялық акцияға қатысушылар көшелерді, саябақтарды, гүлзарлар мен аулаларды тазалап, тұрмыстық қалдықтарды, былтырғы жапырақтар мен қураған шөптерді жинау жұмыстарын жүргізді.

Қоғамдық орындар мен әлеуметтік нысандарға іргелес аумақтарды абаттандыруға ерекше көңіл бөлінді. Қалық саябақта, гүлзарларда, орталық көшелерде, медициналық мекемелер мен әкімшілік ғимараттардың аумағында санитарлық тазарту жұмыстары атқарылды. Ортақ күш-жігердің арқасында аудан айтарлықтай көркейіп, көшелер таза, ал қоғамдық орындар ұқыпты әрі тартымды болып түсті.

Айлық барысында аудан бойынша шамамен 2000 текше метр қоқыс шығарылды. Жұмыстарды жүргізуге 23-ке жуық арнайы техника жұмылдырылды. Коммуналдық қызметтер жиналған қоқысты уақытылы шығарып, аумақтарды жедел тазартуға және елді мекендердегі тәртіпті сақтауға мүмкіндік жасады.

Маңызды шаралардың бірі аудан орталығын көгалдандыру акциясы болды. Сыздықов пен Абылай хан көшелерінің қиылысында ағаш көшеттері отырғызылды. Экологиялық бастамаға «Семізбай У» ЖШС демеушілік қолдау көрсетті. Жаңа жасыл желектерді отырғызу экологиялық ахуалды жақсартуға, қолайлы микроклимат қалыптастыруға және елді мекендердің эстетикалық келбетін арттыруға зор

ықпал етеді.

Сонымен қатар айлық аясында орталық көшедегі ағаштар мен жиектастарды әктуе жұмыстары жүргізіліп, көшелерге ұқыпты әрі көркем көрініс берілді. Қоғамдық аумақтарды көріктендіру мақсатында петуния гүлдері отырғызылып, олар жаз мезгілінде аудан орталығына ерекше сән беріп, тұрғындар мен қонақтарға жайлы атмосфера қалыптастырады.

Аудан орталығының өзінде шамамен 870 текше метр қоқыс шығарылды. Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау және санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында жаңа қоқыс алаңдары орнатылды: үшеуі – Чапаев көшесінде, біреуі – Біржан сал көшесінде. Сонымен қатар абаттандыру жұмыстары аясында екі автобос аялдмасына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына іргелес аумақтарды санитарлық тазарту жұмыстарына да ерекше назар аударылды. Сенбілікке қатысушылар полигон аумағының айналасындағы тұрмыстық және желмен ұшқан қоқыстарды жинады. Мұндай шаралар санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға және аумақтың экологиялық жағдайын сақтауға үлкен септігін тигізеді.

Айта кету керек, абаттандыру айлығы – бір реттік шара емес, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Елді мекендердегі тазалық пен тәртіп тек коммуналдық қызметтердің жұмысына ғана емес, тұрғындардың саналы көзқарасына да байланысты. Сондықтан экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа құрметпен қарау және қоршаған ортаның жағдайына жауапкершілікпен қарау маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

Өткен айлық тағы да бірлескен күш-жігердің арқасында үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көрсетті. Еңбек ұжымдарының, еріктілер мен аудан тұрғындарының белсенді қатысуының арқасында елді мекендер таза, көрікті әрі жайлы бола түсті. Мұндай бастамалар қоғамдық жауапкершілікті нығайтып, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін дамытуға және болашақ ұрпақ үшін қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Елді мекендерді абаттандыру мен санитарлық тазарту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады. Тазалықты сақтау, аумақтарды көгалдандыру және тұрғындарға қолайлы жағдай жасау аудан дамуының басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Дина АҚЫШЕВА.



Үлкенге құрмет – елдіктің белгісі

Ұлы тұлғалар – ұлт руханиятының шамшырағы, елдің өткені мен болашағын жалғайтын алтын көпір. Олар өздерінің даналығы, қайраткерлігі, өнері мен еңбегі арқылы халықтың жүрегінен орын алып, кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге қалдырады. Қазақ халқының тарихында Абай Құнанбайұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов секілді дара тұлғалар ұлттың рухани дамуына өлшеусіз үлес қосты. Осындай елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтап жүрген заңғар тұлғалардың бірі – Мұхтар Шаханов.

Мұхтар Шаханов – қазақ әдебиеті мен руханиятында өзіндік орны бар көрнекті ақын. Ол 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Ақынның шығармалары адамгершілік, ұлт тағдыры, тіл, руханият, экология және жастар тәрбиесі сияқты маңызды тақырыптарды қозғайды. Оның поэзиясында терең философиялық ой, елге деген сүйіспеншілік пен ұлттық рух айқын көрініс табады.

Мұхтар Шаханов тек ақын ғана емес, қоғамның өзекті мәселелеріне үн қосқан қайраткер ретінде де танылды. Ол қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ұлттық құндылықтарды сақтау жолында аянбай еңбек етті. Ақын Желтоқсан оқиғасының ақиқатын ашуға белсенді атсалысып, ел тарихындағы маңызды мәселелерді батыл көтере білді. Оның бұл еңбегі халықтың зор құрметіне ие болды.

Бүгінде Мұхтар Шаханов – қазақ халқының мақтаншы, ұлт руханиятының жанашыры ретінде халық жадында сақталған тұлға. Оның өнегелі өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала береді.

Осыған орай мамыр айының 19 жұлдызында Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы ғимаратында ақын, жазушы, драматург, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шаханов шығармашылығына арналған «Менің ғасырым» атты концерт өтті.

Рухани кеш қазақ поэзиясы мен өнерінің биік болмысын дәріптеп, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Концерттің шымалдығы Нұрғиса Тілендиевтің «Аңсау» күйімен ашылды. Кеш барысында ұлт руханиятында өшпес із қалдырған Мұхтар Шахановтың «Әке туралы жыр», «Қуаныш вальсі», «Кешікпей келем деп ең», «Арқалықтың ақ таңы», «Ақ бантик», «Арыс жағасында», «Өмір-өзен» сынды халық жүрегінен орын алған жауһар туындылары Кәрім Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі сүйемелдеуінде филармония өкілдерінің орындауында көпшіліктің назарына ұсынылды. Терең ой мен тағылымға толы шығармалар көрерменді сағынышқа бөлеп, туған елге, адамгершілікке, ата-анаға деген қадір-қасиетті қайта сезіндірді.

Сонымен қатар Төлеген Айбергеновтің Мұхтар Шахановқа арнаған «Сағыныш» шығармасы «Халық алғысы» медалінің иегері Жанат Есовтың орындауында көрерменге тарту етілді. Концертке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жамиля Жарқымбаева, «Шапағат» мемлекеттік наградасының иегері Аякөз Қалмағанбетова, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Эльмира Төлеубаева, «Мәдениет саласының кәсіподақ үздігі» Сәрсенбай Хасенов, сондай-ақ Серікболсын Бекмолдин, Эльмира Камарницкая, Саида Сағди, Алтынбек Бектемір, Инара Мүкушева, Алан Бектемиров, Аманғали Жұматаев, Аликбек Ахмалишев (гитара) қатысып, ұлы тұлғаның уақыт өткен сайын құнын жоғалтпаған, халықпен бірге жаңғырып, жаңа буынның жүрегіне жол тапқан ән-жырларын орындады.

Концертке халықаралық байқаулардың

лауреаты «Гэкку» би ансамблі де қатысты.

Осындай әсерлі де мазмұнды шараға аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Ақмарал Кенжебаеваның ұйымдастыруымен біздің ауданның ардагерлері де барып қайтты.

Алдымен Ақмарал Нұрқанқызы ардагерлерді аға буын өкілдерінің өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды әлеуметтік мекемелердің бірі – Белсенді ұзақ өмір сүру орталығымен таныстырды.

Бұл орталық қарт адамдардың денсаулығын нығайтып, белсенді өмір салтын ұстануына, қоғаммен тығыз байланыста болуына мүмкіндік береді.

Орталықта зейнеткерлерге арналған түрлі мәдени, спорттық және шығармашылық шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, дене шынықтыру жаттығулары, би сабақтары, қолөнер үйірмелері, танымдық кездесулер мен мерекелік кештер тұрақты өткізіліп тұрады. Мұндай шаралар үлкен жастағы азаматтардың уақытын тиімді өткізуіне және жаңа орта табуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, орталықта психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары да жүргізіледі. Бұл өз кезегінде қарт жандардың өмірге деген құлшынысын арттырып, олардың қоғамдағы белсенділігін сақтауға көмектеседі.

Сөйтіп, ардагерлер рухани байып, ерекше әсерге бөленіп, бір серпіліп қайтты. Кеңілдеріне қуаныш ұялап, жүректеріне жылулық сыйлаған бұл сапар олардың жадында ұзақ сақталары сөзсіз. Өсерлі концерттен алған рухани ләззат пен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығындағы тағылымды кездесулер ардагерлерге зор шабыт берді. Олар ұйымдастырылған шаралардың мән-маңызына жоғары баға беріп, осындай игі бастамалардың ел бірлігін нығайтып, аға буынға деген құрметтің айқын көрінісі екенін ерекше атап өтті.

Ардагерлер аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Ақмарал Кенжебаеваға шынайы ризашылықтарын білдіріп, үлкендерге деген жанашырлығы мен қамқорлығы үшін ақ алғыстарын жаудырды. Осындай тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор кездесулер аға буын өкілдерінің қоғамнан шет қалмай, белсенді өмір сүруіне серпін беретіні анық.

Сонымен қатар, ардагерлер келешекте біздің ауданымызда да осындай Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылса деген ізгі тілектерін жеткізді. Себебі мұндай орталықтар – үлкендердің өмірге деген құлшынысын арттырып қана қоймай, олардың денсаулығын нығайтып, бос уақытын тиімді өткізуіне, жастармен байланысын күшейтіп, қоғам өміріне белсене араласуына зор мүмкіндік береді.

Бұл – ұрпақтар сабақтастығын жалғап, адамгершілік пен сыйластық құндылықтарын дәріптейтін маңызды бастама.

Осындай мазмұнды да мағыналы шаралар ел ішіндегі татулық пен рухани байланысты нығайтып, үлкенге құрмет, қала ізет көрсетудің жарқын үлгісі болып кіше бермек.

Қуаныш НУРКУШЕВА.



Киелі өлкенің құнды қазынасы

18 мамыр – адамзаттың мәдени мұрасы мен рухани құндылықтарын дәріптейтін ерекше мереке – Халықаралық музейлер күні. Бұл атаулы күн 1977 жылы Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM) бастамасымен бекітіліп, бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде кең көлемде аталып өтуде. Мерекенің басты мақсаты – музейлердің қоғам өміріндегі маңызын арттыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және оны келер ұрпаққа насихаттау.

Музей – халықтың өткені мен бүгінгі жалғайтын алтын көпір. Онда ел тарихынан сыр шертетін құнды жәдігерлер, ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, мәдениеті мен өнері сақталған. Әрбір музей – ұлттың рухани қазынасы, тарихи жадының айнасы. Музей табалдырығын аттаған әрбір жан өткен дәуірдің тынысын сезініп, тарихтан тағылым алады.

Бүгінде Қазақстанда музей ісі қарқынды дамып келеді. Ел аумағындағы тарихи-өлкетану, әдеби-мемориалдық, өнер және археологиялық музейлер халыққа қызмет етіп, жастардың туған жер тарихына деген қызығушылығын арттыруда. Әсіресе жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде музейлердің рөлі айрықша.

Халықаралық музейлер күні қарсаңында еліміздің көптеген мәдени ошақтарында көрмелер, ашық есік күндері, танымдық кездесулер мен экскурсиялар ұйымдастырылады. Мұндай шаралар халықтың мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, тарихи мұраға деген құрметін нығайтады. Өйткені тарихын құрметтеген елдің болашағы берік. Сондықтан музейлерді сақтау, дамыту және олардың құндылығын дәріптеу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Өздеріңізге белгілі, аудан орталығында Біржан сал атындағы тарихи-өлкетану музейі халыққа үздіксіз қызмет етіп келеді. Мұражай қорында көне шаһар тарихынан сыр шертетін 400-ге жуық құнды жәдігер сақталған. Олардың қатарында ауданның құрметті азаматтары пайдаланған бұйымдар, жергілікті Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің медальдары мен естелік заттары бар. Музейге келушілердің қызығушылығы жоғары. Әсіресе мектеп оқушыларына арналған экскурсиялар жиі ұйымдастырылып тұрады.

Ауданымыз – сан ғасырлық тарихы мен бай шежіресі бар, қазақ даласына аты мәлім талай асыл тұлғаларды дүниеге әкелген киелі мекен. Бүгінгі жаһандану дәуірінде өлкеміздің әлеуметтік-саяси тарихын, уақыт өзгерістерін айшықтайтын музей жәдігерлері мен құнды құжаттары

– баға жетпес рухани мұра әрі ұлттық байлық.

Атаулы күнге орай Біржан сал атындағы тарихи-өлкетану музейі дәстүрлі «Музей түні – 2026» мәдени-танымдық акциясын ұйымдастырды. Шараның негізгі мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, тарих пен мәдени мұраны дәріптеу.

Кеш барысында Бурабай ауданы өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Өнші Хамзин Біржан арнайы келіп, музей қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, жиналған көпшілікке әсем әндерін тарту етті.

Сонымен қатар, ақ жаулықты әжелеріміз ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеп, көне қолөнер мен тұрмыс-тіршілікке байланысты шеберлік сағаттарын өткізді. Ұршық иіру, қолөнер бұйымдарын жасау секілді дәстүрлі өнер түрлері жас ұрпаққа кеңінен насихатталып, келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Қолөнер көрмесінде ұлттық нақыштағы туындылар көпшілік назарына ұсынылды.

Мерекелік кеш аясында Мерекей компаниясынан келген визажист мамандар сән және сұлулық бағытында шеберлік сағаттарын өткізіп, келушілерге өз өнерлерін паш етті.

Сондай-ақ музей ішінде тегін экскурсиялар ұйымдастырылып, қонақтар тарихи жәдігерлермен танысып, туған өлкенің бай тарихынан мол мағлұмат алды.

Осындай тағылымды шаралар арқылы музей халық пен тарих арасындағы рухани байланысты нығайтып, мәдени мұраларымызды болашақ ұрпаққа насихаттауды жалғастыра бермек. Музей – өткеннің үнін бүгінге жеткізетін қасиетті орын. Сондықтан ұлттық құндылықтарымызды қадірлеп, тарихи мұраларымызды көздің қарашығында сақтау – әрбір азаматтың парызы.

Әсел СҮЛЕЙМЕНОВА,
Біржан сал атындағы тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі.

Қоғамдық тыңдаулар

«Қазгер-Құс» ЖШС «Ақмола обл., Біржан сал ауданы, Үлгі а. о., Үлгі а., Жамбыл, 33 уч. көше мекен-жайы бойынша орналасқан III кезек құс фабрикасының құрылысы» жұмыс жобасына өсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша (РҚБ, НДВ, ПЭК, ПУО, ПМ) қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Аумағына өсер етуі мүмкін және аумағына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін өкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаулардың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдаулар бірнеше өкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі ауылы.

Өсер ететін аумақ – Үлгі ауылы.

Географиялық координаттары: 52°53'27.37" АҚШ, 70°42'47.64" ВД.

Тыңдау 2026 жылғы 8 шілдеде сағат 15:00-де Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі а.о., Үлгі а., Новострой к-сі, 47 (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме арқылы ZOOM арқылы қосылуға болады <https://us04web.zoom.us/j/74738548485?pwd=7XbUaOZ8DejdJF4GjQl9uKsnr1yOK.1>. конференция идентификаторы: 747 3854 8485. Кіру

коды: 8J6f2H.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашысы – «Қазгер-Құс» ЖШС. Тел.+7 705 517 8020.

«Хасанова Г.А.» ЖК жобасының жобалық құжаттамасын әзірлеуші. Тел.+7 705 741 0773.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар ақпараттық жүйеге орналастырылатын болады <https://ndbecology.gov.kz> және жергілікті атқарушы органның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Жобалық құжаттама бойынша қосымша ақпаратты е-mail арқылы сұрауға болады: ipkhasanova90@mail.ru немесе тел: +77057410773.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, exreso@mail.ru, Тел.+7 7162 40 28 07.

Меншік иесі және шығарушы – «Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ – ВЕСТИ Еңбекшілердеря» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС

Ақпараттық агенттіктің мерзімді баспа басылымын және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік 2025 жылы 2 желтоқсандағы № KZ94VPY00135980 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.
Редактор Д. АҚЫШЕВА

Мекен-жайымыз: 020700, Ақмола облысы, Степняк қаласы, Уәлиханов көшесі, 5а үй.
Редакция тел.: 2-19-63.
e-mail: gazetastep@mail.ru
www.instagram.com/vesti.enbeshildergerya
www.facebook.com/Редакция Района Биржан сал
<https://enbeshilder.kz>

«Дунасарова» жеке кәсіпкер офсеттік тәсілмен басылған.
010005. Астана қаласы, А. Жұбанов көшесі, 24/1 үй.
Аптасына 2 рет.
Офсеттік тәсілмен басылған, көлемі 1 баспа табақ.
Таралымы 280. Тапсырыс 101
Индексі: 65651